

FTAXP 06.73.07

ЭОЖ 911.372.7:711.439 (047)

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-1-39-46>

**Д. ЖЕНСХАН,<sup>1\*</sup>**

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

\*e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

**Ш.Е. АЛЬПЕЙСОВА,<sup>1</sup>**

Э.ғ.к.

e-mail: [sholpan761@mail.ru](mailto:sholpan761@mail.ru)

<sup>1</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

## **АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ**

### **Андатпа**

Мақалада Қазақстанның ауылдық елді мекендерін дамыту мақсатында қабылданған бірқатар бағдарламаларды көрсете отырып, оның іске асуы кезіндегі проблемалар тобын анықтаған және оны тиімді шешудің жолдарын ұсынған. Ауылдық елді мекендердің дамуына кері әсер етіп отырған басты проблемалар қатарына келесілер көрсетілді: ауылдық территорияларды дамыту бағдарламаларының толық қаржыландырылмауы; жергілікті әкімдіктер құрылымының үкіметтің құрылымдық іс-әрекеттерін қайталауы; экономикалық қызмет түрлерімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласы мамандарының ең аз жалақымен қамтамасыз етілуі; Республиканың басым ауылдарында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдардың ескіруі; АЕМ-гі әлеуметтік сала мамандары арасындағы бәсекенің болмауы себебінен білім беру сапасының төмендеуі. Көрсетілген проблемаларды тиімді шешу мақсатында бірқатар ұсыныстар жасалды, оның ішінде: АЕМ-ді дамыту бағдарламаларын кезең-кезеңімен қаржыландырылу және оның орындалуына қатаң бақылау жасау керек екендігі және оның негізгі себептері көрсетілді. Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандардың еңбек ақысын арттыру үшін – ауыл шаруашылығы саласында нәтижелікті арттыруға бағытталған қолданбалы шешімдер жасау қажеттігі көрсетілді. Құзырлы органдардың ауыл шаруашылығындағы жеке кәсіпкерлік пен шағын бизнестің мүмкіндіктерін дамытуға, көпшілікке таратуға және енгізуге ауқымды жоспар жасау қажеттілігі негізделді. АЕМ-гі тұрғындары аз немесе тіптен жоқ, перспективасы төмен ауылдық елді мекендерді дамыту үшін бюджетті шығындау тиімсіз екендігі көрсетілді. Тақырыпты ашу барысында ғылыми деректерді зерттеу, талдау, синтездеу, динамикалық салыстыру, жүйелеу, экономикалық сараптау, қорытындылау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: ауылдық елді мекен, инфрақұрылым, бағдарлама, ауыл тұрғындары, жастар, қаржыландыру.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экономиканың аса маңызды салаларының бірі. Осыған орай Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы стратегиялық мақсаттарының бірі ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қатамасыз ету. Қойылған мақсатқа қол жеткізу елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін арттыру, импортқа тәуелділікті төмендету, экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтардың әл-ауқатын нығайту бойынша перспективалы мүмкіндіктерді қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған экономиканың аса маңызды салаларының бірі ретінде қарастырылады. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетекші сала болып табылатын осы агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) және ауылдық елді мекендерді дамыту мақсатында бірқатар заңдар мен бағдарламалар әзірленді және қолданысқа енгізілді. Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерін қаржыландыру тәсілдері де өзгерді. Дегенмен, қазірге дейін аталған саланың дамуы айтарлықтай дәрежеде емес.

Әлемдік тәжірибелерді ескеретін болсақ, ауылдық елді мекендерді дамыту бойынша қабылданған заңдар мен бағдарламалардағы басты көрсеткіштерге демографиялық жағдай, өнім өндіру дәрежесі және табыс деңгейі ескеріледі [1]. Бірақ, қазіргі кезде ауылдық аумақтардың дамуындағы ауқымды және өзекті мәселелерді ашып көрсету үшін нормативтік құжаттар мен даму бағдарламаларын және гуманитарлық ғылыми ізденістер нәтижелерін де негізге аламыз.

Аталған зерттелімдер нәтижесі бойынша Қазақстанның АЕМ қазіргі жағдайына төмендегідей сипаттама жасауға болады.

Қазақстанның ауылдық территорияларында қалыптасқан демографиялық жағдай тұрақты емес. Нақтырақ айтқанда Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни 1990 жылы еліміздегі жалпы халыққа есептегенде ауыл тұрғындарының үлесі 42,9% болды. 1996 жылы бұл көрсеткіш 44,3%-ға дейін өскен. 1993–1995 жылдары еліміздегі жаппай жекешелендіру салдарынан көптеген АЕМ-де жұмыссыздықтың орын алу салдарынан ауыл тұрғындары тағы да азая бастады. Нәтижесінде 2007 жылы ауыл тұрғындарының саны 42,6% құрады. Дегенмен, ауылдық территорияларды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында 2008 жылы ауыл тұрғындарының үлесі артып, 2008 жылы 46,9% болды. Осы жылдан бастап ауыл тұрғындарының үлесі жылдан жылға төмендеп отыр. 2019 жылы ауыл тұрғындарының үлесі 41,8% құрап отыр [2]. Еліміздегі ауыл тұрғындарының саны жылдан жылға азайғанымен, онда еңбек ресурстарының айтарлықтай үлес салмағы бар, ол мұндай үрдісті ұзақ уақыт бойы сақтайтын аумақ ретінде қарастырылады.

АЕМ-нің даму дәрежесін зерттеу нәтижелері бойынша алынған деректерді ескерсек, елімізде 2008 жылдан бері қарай ауылдық елді мекендер желісінің ұсақтану процесі орын алып отыр. Бұл жағдайлар ауылдық аумақтардың әлеуметтік дамуын күрделендіреді. АЕМ-гі осындай жағдайлардың орын алуы еңбекке қабілетті белсенді топтардың қалаға көшіп кетуіндегі, ауыл жастарының ірі қалалардан білім алғаннан кейін сол қалаларда жұмысқа орналасуындағы басты себептер. Демек, елімізде урбандалу процесі орын алып отыр. Бұл процесс «Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мақсатында көрсетілгендей өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға негіз болады.

Дегенмен, Қазақстанның 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы мен елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық дамуының болжамды схемасында көрсетілгендей ірі және үлкен қалаларды дамыту жөніндегі шараларға қарамастан, елімізде урбандалу қарқыны біркелкі болмады. Атап айтқанда, 1990–2001 жылдар аралығында қала халқының үлесі 54,8%-дан 50,3%-ға дейін азайды, ал 2019 жылғы 1 қаңтарда бұл көрсеткіш 58,2% деңгейіне жетті. Бұл деректер 28 жыл ішінде қала халқының нақты өсуі (қандай да бір себептермен) небәрі 3%-ды құрағанын көрсетіп отыр. Дамыған елдер тәжірибесін негізге алатын болсақ, урбандалу деңгейі: Оңтүстік Кореяда 7 жылда (1980–1987 жылдар), Сауд Арабиясында – 8 жыл (1974–1982), Малайзияда – 12 жыл (1996–2008) ішінде 56%-дан 70%-ға дейін жетті [3].

Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамыту мақсатында қабылданған бірқатар бағдарламалар бар, олардың ішінде:

1991–2000 жылдарға арналған «Ауыл» әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы;

2004–2010 жылдар аралығында ауылды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

2010–2014 жылдар аралығын қамтитын Қазақстанның АӨК-ін дамыту бағдарламасы;

Қазақстан Республикасының АӨК дамыту жөніндегі 2013–2017 жылға арналған «Агро-бизнес–2017» бағдарламасы;

ҚР-ның 2017–2021 жылдарға арналған АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

2018–2030 жылдар аралығын қамтитын «Ауыл – ел белгісі» 2018–2030 жылдар аралығын қамтитын арнайы жобасы;

Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

1-бағдарламалардың бірінші жіктелімі бойынша, яғни ауылдық аумақтарды дамытудың ең төменгі стандарттары бойынша инфрақұрылымды қолдау бағдарламалары аясында жолдар жөнделді, коммуникациялар жүргізді, алайда ол басты проблеманы шешкен жоқ: экономикалық өсу және жұмыс орындарын құру мәселесі қазірге дейін өзекті күйінде қалып отыр [4]. Еліміздегі экономист мамандар ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламалары бойынша қол жеткізілген нәтижелердің төмен болуын келесідей мәселелермен түсіндіреді.

Біріншіден, бағдарламаларды – қаржыландыру мәселесі. Қандай керемет бағдарламалар жазылғанымен, оларды қаражаттың жетіспеушілігі жағдайында орындау өте қиын. Стратегиялық құжаттың ережелерін әзірлеуге қаржы бөлу үшін бірқатар қосымша рәсімдер қажет. Нәтижесінде 5 жылға қабылданған бағдарламаға екі жылдық бюджет ғана бекітіледі. Бұл стратегиялық құжаттардың ең өткір мәселесі. Сондықтан, стратегиялық жоспарлауды

дер кезінде өзгертіп, бюджеттік процесспен сәйкестендіріліп отыратын жұмыс тобын құру маңызды болып табылады.

Екінші мәселе – еңбекке ақы төлеу. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтерін негізге алатын болсақ, экономиканың басқа қызмет түрлерімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласының мамандары алатын еңбек ақы сумен жабдықтау мамандарынан кейінгі ең төменгі қатарында тұр (1 сурет). 2019 жылы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа жалақы 185487 теңге көлемінде болса, 2020 жылы 147666 теңге [2].



Сурет 1 – Экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы, тенге (2020 ж.)

Республика бойынша 2020 жылы орташа жалақы мөлшері 203,9 мың теңгені құрады. Ал ауыл шаруашылығы мамандарының жалақысы орташа жалақыдан 27,6% төмен. Себебі ауылдық аумақтарда бизнес дамымаған. Сондықтан табиғи ресурстық потенциалды барынша толық пайдаланған жөн.

Үшінші мәселе – аймақтық немесе аумақтық әкімдіктердің үкіметтің іс-әрекеттерін қайталауы. Қазіргі кезде аумақтық әкімдіктер тек жоғарыдан түскен бұйрықтар аясында ғана жұмыс жасайды, олардың өз бастамаларын жасауға уақыттары жоқ. Ауылдық территориялардың дамуын зерттеуші мамандар «өңірлік немесе аумақтық әкімдіктерге даму стратегиясын жасаудың қажеті жоқ, олар стратегиялық бағдарламаларды қаржыландыру тетіктерін ұсынуы керек» деп есептейді. Өңірлердегі аталған проблеманы сонда ғана жеңе алатын болады. Бірақ, бастамалар түскен кезде оның ішінде: қаржыландыруды күтуі, есеп беруді бірінші айдан бастап талап ету фактілерінің орын алуы нәтижесінде көрсеткіштерді сөйлету үшін сурет салу басталады. Бұл мәселе шешілмейінше, жасалған жұмыстардың нәтижесін көру қиын [5].

Төртінші мәселе – жергілікті кәсіпкерліктің белсенділік дәрежесінің төмен болуы. Қазір шағын қалалар мен ауылдарда өз ісін дамытуға қызығушылық деңгейі жоғары емес. Қарапайым зерттеу жүргізетін болсақ, балалар ауылдық мектептерді бітіргенде, олардың көпшілігі жұмыс іздейді немесе ЖОО-ға түседі. «Мен ауылда тұрамын, менің жақсы жағдайым бар, мен жылыжай салып, өз бизнесімді дербес дамыта аламын» – деп ойлайтын жастар саны аз. Оның басты себебі құзырлы органдардың жеке кәсіпкерлік пен шағын бизнестің мүмкіндіктерін дамытуға, көпшілікке таратуға және енгізуге аз уақыт бөлуінде. Әрине, әр адам бизнесмен бола алмайды. Бірақ, мемлекеттік саясат дұрыс қалыптасса, ауылдық аумақтарда 20 түлектің біреуі қалады және өзінің шағын бизнесін құра бастайды. Осылайша ауылдық елді мекендерде жаңа өнімдер пайда болып, қосымша жұмыс орындары қалыптасады. Тек мемлекеттің есебінен еліміздің барлық ауылдық елді мекендерін дамытып, ондағы барлық халықтың әлеуметтік-экономикалық

жағдайын жақсарту мүмкін емес. Сондықтан, ауыл тұрғындарының белгілі бір бөлігі өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүдделі болуы тиіс.

Бесінші мәселе, «Ауылдық аумақтар және АӨК: Жаңғыру «Ауыл – 4.0» бағдарламасын іске асыру кезіндегі өткір сұрақтардың бірі – тұрғындары жоқ ауылдық территорияларға инфрақұрылым салу. Статистикалық мәліметтерді ескерсек, 2019 жылдың басында 6545 АЕМ тіркелген. Қазақстанның экономикалық зерттеулер институтының зерттеулері бойынша осы ауылдардың 50%-дан астамында 500-ден кем адам тұрады. 497 елді мекенде тұрғындар саны – 50 адамнан кем. Бұл ауылдарға «Ауыл 4.0» жаңа бағдарламасы бойынша бюджеттің төртінші деңгейін орындау қаншалықты маңызды екендігін қаржы мамандарымен қатаң зерттелуі тиіс. Себебі бұл елді мекендерде ауылдық бизнес дамымағандықтан, экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады. Салық базасы, экономикалық әлеуеті және құқықтық білімі жоқ 42 ауылдық елді мекен бар. Осындай тұрғындары өте аз немесе тіптен жоқ, перспективасы төмен ауылдық елді мекендерге бюджеттің төртінші деңгейін орындау керек емес деп есептейміз. Сондықтан, мұндай ауылдарда тұратын тұрғындарды өмір сүруге барлық жағдайлары бар, инфрақұрылымдық желілері дамыған аймақтарға орналастыру керек. Себебі жұмыс күшінің белсенді тобын құрайтын еңбек ресурстарының басым бөлігі (әсіресе жасатар) ауылдың инфрақұрылым желілерінің нашар дамуы себебінен ауылдан қалаға көшіп кету процесі орын алып отыр. Нәтижесінде урбанизация процесі орын ала бастады. Қазіргі кезде урбанизация процесі жасанды емес табиғи жолмен іске асырылуда. Салық базасы жоқ және экономикалық әлеуеті төмен, тұрғындары аз немесе жоқ, депрессияға ұшыраған ауылдық округтерге инфрақұрылымдарды салуға жұмсаған субсидияларды перспективасы жоғары ауылдық аумақтарға немесе шағын қалаларға адамдарды тасымалдау арқылы іске асырған тиімді. Себебі Қазақстандағы қазіргі урбанизация процесі осыны көрсетіп отыр [5]. Дегенмен, елді мекендерді тек тұрғындардың саны бойынша ғана емес, сонымен қатар олардың перспективасы бойынша да жіктеу қажет. Процесс қазірдің өзінде табиғи түрде жүріп жатыр және мемлекет субсидиялар беру арқылы бұл процестерді күшейтпеу керек.

Алтыншы, Республика ауылдарының жартысынан астамында инженерлік желілер тозуының жоғары деңгейі байқалып отыр, көптеген ауылдарда, білім беру және денсаулық сақтау объектілері жөндеуді қажет етеді. Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдардың ескіруі себебінен қазіргі жас мамандар ауылдық елді мекендерге барып жұмыс жасауға белсенділік танытпайды. Нәтижесінде, ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік сала мамандары арасында бәсекелестік жоқ. Әсіресе, білім беру мекемелері қызметкерлері арасындағы бәсекенің болмауы қызмет көрсету сапасын төмендетеді. Халық саны (аз шамамен 150–200 адамды құрайтын) АЕМ-гі мектептер мен балабақшалар тек табыс көзіне айналған. Қызметкерлер білім беру сапасына емес жалақыға қызығушылық танытады. Кейбір мектептерде бір пәнді (мысалы: математика) бір сағатта әр түрлі екі сыныпқа (7-ші және 8-ші сыныптарға) түсіндіреді. Сонда әр сыныпқа 22 және 23 минуттан келеді. АЕМ орын алып отырған осындай факторлар білім сапасының төмендеуіне алып келеді. Нәтижесінде, осындай мектептерден білім алған оқушылар ҰБТ тапсыру және ЖОО білімін жалғастыру барысында көптеген кедергілерге тап болады. Сондықтан, білім сапасын бақылаудың құзылы органдары тарапынан АЕМ-гі мектептердің білім беру сапасын арттыруға ерекше назар аударған жөн. Білім беру сапасын арттыру, ондағы бәсекелестікті нығайту және өңірлерді дамытуға бөлінген мемлекеттік қаржыны тиімді жұмсау мақсатында сала мамандарының тапшылығы жоқ, бәсекеге қабілетті тірек ауылдарда мектеп-интернаттарын салып басқа ауылдардан балаларды тасымалдап оқытқан дұрыс деп есептейміз.

2018–2030 жж. арналған «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы көрсетілді. Жобаның басты мақсаты 2030 жылға қарай өмір сапасының қазіргі заманғы стандарттарына жауап беретін елді мекендерде ауыл халқының кемінде 80% тұруын қамтамасыз ету, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын жаңғырту. Бағдарламаны орындау мақсатында мемлекет келесідей міндеттерді атқару қажеттілігі айқындалып отыр:

- ♦ біріншіден, ауылдық елді мекендерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және ауылдық жерлерде ШОБ-тың өсуі үшін жағдай жасау;
- ♦ екіншіден, өңірлерде еңбек идеологиясын танымал ету;
- ♦ үшіншіден, жастарды ауылдық аумақтарды дамытуға және агробизнесікке тарту.

Осы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекет тарапынан Қазақстанның барлық ауылдық аумақтарының даму әлеуетіне зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде, 2019 жылдың аяғында даму әлеуеті бар 3477 ауыл іріктеп алынған. Оның ішінде – 1150 тірек ауылдар, 2327 спутниктік ауылдар. Сонымен қатар, тірек ауылдардың ішінде 200 ауыл шекара маңында орналасқан ауылдар болып табылады. Аталған ауылдарда ауыл халқының 85%-ы немесе 6,6 млн адам тұрады. Осы бағдарламада бұл ауылдарды дамыту мәселесі ерекше назарға алынған [6]. Тірек және спутниктік ауылдар келесі өлшемшарттар бойынша ажыратылады.

Тіректі ауылдық елді мекендер келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс: көп жағдайларда елді мекендер жүйесінде орталық орналасуы және оның елді мекен топтарын толық қамтудың оңтайлы радиусы болуы; ірі ауыл шаруашылығы және басқа да өндірісі бар базалық кәсіпорындардың болуы; шекаралық орналасуы; басқа тірек ауылдық елді мекендерден 50 шақырымнан кем емес қашықтықта орналасуы; дамыған әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым; перспективалық даму және құрлыс салу үшін аумақтар; өткізу нарықтарына көліктік қолжетімділігі; қолайлы экологиялық ахуалы бар болуы тиіс [7].

Спутниктік ауылдар немесе қала типтес кенттер – ірі, бірақ қаладан немесе ірі кәсіпорыннан 30 шақырымнан алыс емес жақын орналасқан және дамып келе жатқан және сонымен қатар, экономикалық және демографиялық жүйені құрайтын шағын кенттер. Спутниктік қалаларды қалыптастыру кезінде үкіметтік органдар, жеке және мемлекеттік кәсіпорындар маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында анықталған проблемаларды шешу басым жағдайда «Ауыл – ел бесігі» жобасы, «Бизнестің жол картасы – 2025» және «Еңбек» басқада да АЕМ-ді дамытудың бағдарламасы аясында іске асырылатын болады. Ауылдық аумақтардағы бұл проблемаларды шешу үшін көп мөлшерде қаражат қажет екені белгілі. «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру мақсатында перспективасы бар деген ауылдар іріктеліп алынды. Алдын-ала есептеулер бойынша әлеуетті ауылдардың инфрақұрылымына 900 млрд теңге есептелген. Осы қаражаттың 70% (630 млрд теңге) республикалық бюджеттен, ал 30% (270 млрд теңге) жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

Осы жоба бойынша 2019 жылы 53 ауылда 30 млрд теңгеге басым көпшілігі мектептер, ауруханалар, мәдениет және спорт нысандарын қамтитын әр түрлі 452 инфрақұрылымдық жоба іске асырылған. Сонымен қатар, жолдар, тұрғындарды сумен, электр желілерімен, жылумен қамтамасыз ететін инженерлік инфрақұрылымдық жобалар да іске асырылды. Еліміздің барлық аймақтарында ауылдың инфрақұрылымдарын әрі қарай жақсарту мақсатында 2020 жылы қосымша 50 млрд теңге қарастырылған. Ол қаражатқа 250 АЕМ-де 1641 жобаны іске асыру жоспарланған. Сондай-ақ ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету және іске асырылып жатқан жобаларға жаңа дағдыларды қалыптастыру мақсатында ауыл жастарын жұмысқа тарту да қарастырылған. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан инфрақұрылымды дамыту шаралары ауыл экономикасын дамытуға ерекше мүмкіндіктерді қалыптастырады.

Қазақстанның АЕМ-ін дамытудың мемлекеттік қолдау бағдарламасына, ауыл шаруашылығының мол мүмкіндіктеріне қарамастан оның қазіргі әлеуметтік-экономикалық проблемаларын қорытындылай отырып, оны шешудің келесідей жолдарын ұсынамыз.

1. Ауылдық территорияларды дамыту мақсатында қабылданған бағдарламалардың кезең-кезеңімен қаржыландырылуына және оның орындалуына қатаң бақылау жасау керек. Егер стратегиялық жоспарлар ағымдағы жағдайларға сәйкес өзгертуді қажет ететін болса, бюджеттік үдеріспен үйлестіру бойынша жұмыс тобын құру аса маңызды. Сонда ғана мемлекеттік маңызы бар стратегиялық құжаттар тиімді болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар министрліктер тарапынан түскен өңірлерді дамытудың стратегиялық даму бағдарламаларын толық орындаудың механизімі мен қаржылық тетіктерін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, инновациялық белсенділікті арттыру, атап айтқанда моральдық және физикалық жағынан ескірген машиналар мен жабдықтарды алмастыру, заманауи үнемдеуші технологияларды енгізу есебінен сол аймақтың өндіріс көлемін ұлғайту есебінен ауыл шаруашылығының өнімділік деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жасағаны дұрыс.

3. Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандардың еңбек ақысын арттыру үшін – ауыл шаруашылығы саласында нәтижелікті арттыруға бағытталған қолданбалы шешімдер жасау қажет. Ол тек ғылыми қоғамдастық пен бизнестің өзара іс-қимылының арнайы жоспарын немесе картасын әзірлеу арқылы ғана мүмкін болмақ.

4. Құзырлы органдардың ауыл шаруашылығындағы жеке кәсіпкерлік пен шағын бизнестің мүмкіндіктерін дамытуға, көпшілікке таратуға және енгізуге ауқымды жоспар жасауы керек. Себебі, ауылдық аумақтарды дамыту, халықтың-әлеуметтік жағдайын нығайту секілді ауқымды шараларды тек қана мемлекет жасай алмайды. Сондықтан, ауыл тұрғындарының белгілі бір тобы өздерінің әл-ауқатының өсуіне мүдделі болуы тиіс.

5. АЕМ-гі тұрғындары аз немесе тіптен жоқ, перспективасы төмен ауылдық елді мекендерді дамыту үшін бюджетті шығындау тиімсіз. Сондықтан, халықтың урбандалу процесін ескере отырып, мұндай ауылдарда тұратын тұрғындарды өмір сүруге барлық жағдайлары бар, инфрақұрылымдық желілері дамыған аймақтарға орналастыру керек. Себебі жұмыс күшінің белсенді тобын құрайтын еңбек ресурстарының басым бөлігі (әсіресе жастар) ауылдағы инфрақұрылым желілерінің нашар дамуы себебінен қалаға кетеді. Аграрлық салада жұмысқа перспективалы жас мамандарды тарту үшін ауылдық жерлерде өмір сүру жағдайларын, оның ішінде инфрақұрылым, ТКШ, жеңілдіктер және т.б. жұмыстарды нығайту керек.

6. Білім сапасын бақылаудың органдары АЕМ-гі мектептердің білім беру сапасын арттыруға ерекше назар аударуы тиіс. Білім беру сапасын арттыру, ондағы бәсекелестікті нығайту және өңірлерді дамытуға бөлінген мемлекеттік қаржыны тиімді жұмсау үшін бәсекеге қабілетті тірек және спутниктік ауылдардан мектеп-интернаттарын салып, басқа ауылдардан балаларды тасымалдап оқытқан дұрыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Лихачева Т.Н. Демографический прогноз численности сельского населения северо-западного федерального округа / Лихачева Т.Н., Короленко А.В., Калашников К.Н. // «Проблемы развития территории» Вып. 6(86). – Россия. – Вологда.

2 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитетінің мәліметтері [Электрондық ресурс]. – URL: <http://stat.gov.kz>. (дата обращения: 01.03.2020 г.).

3 Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (дата обращения: 03.03.2021 г.).

4 Акимбекова Ч.У. Проблемы и перспективы казахстанского села в условиях развития сельских территорий. // Аграрий Казахстана. Казахская сельскохозяйственная газета. [Электрондық ресурс]. – URL: <http://abkaz.kz/problemu-i-perspektivy-kazaxstanskogo-sela-v-usloviyah-razvitiya-selskix-territorij> (дата обращения: 15.02.2020 г.).

5 Худайбергенов О.А. и др. Программа развития регионов: как выжить селам и моногородам? // Худайбергенов О.А., Муканов Б.Г., Ошакбаев Р.С., Сыздықов С.К. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://informburo.kz/stati/programma-razvitiya-regionov-kak-vyzhit-syolam-i-monogorodam.html> (дата обращения: 13.02.2020 г.).

6 Скляр Р.В. «Ауыл – ел бесігі»: результаты и планы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/auyl-el-besigi-rezultaty-i-plany/> (дата обращения: 18.02.2020 г.).

7 Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесі. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 бұйрығы // Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. – тіркеу № 13375. – 3 наурыз 2016 жыл. [Электрондық ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013375> (дата обращения: 25.02.2020 г.).

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Lihacheva T.N. Demograficheskij prognoz chislennosti sel'skogo naselenija severno-zapadnogo federal'nogo okruga / Lihacheva T.N., Korolenko A.V., Kalashnikov K.N. // «Problemy razvitiya territorii» Вып. 6(86). – Rossiya. – Vologda.

2 Қазақстан Республикасы Ұлттық жеконмика министрлиги, Статистика комитетиниң мәліметтери [Jelektronдық resurs]. – URL: <http://stat.gov.kz>. (data obrashhenija: 01.03.2020 g.).

3 Өңірлерди дамытудың 2020–2025 zhyldarға арналған мемлекеттик бардарlamasy. [Jelektronдық resurs]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (data obrashhenija: 03.03.2021 g.).

4 Akimbekova Ch.U. Problemy i perspektivy kazahstanskogo sela v usloviyah razvitiya sel'skikh territorij. // Agrarij Kazahstana. Kazahstanskaja sel'skohozjajstvennaja gazeta [Jelektronдық resurs]. – URL: <http://abkaz.kz/problemy-i-perspektivy-kazahstanskogo-sela-v-usloviyah-razvitiya-selskikh-territorij> (data obrashhenija: 15.02.2020 g.).

5 Hudajbergenov O.A. i dr. Programma razvitiya regionov: kak vyzhit' selam i monogorodam? // Hudajbergenov O.A., Mukanov B.G., Oshakbaev R.S., Syzdykov S.K. [Jelektronдық resurs]. – URL: <https://informburo.kz/stati/programma-razvitiya-regionov-kak-vyzhit-syolam-i-monogorodam.html> (data obrashhenija: 13.02.2020 g.).

6 Skljär R.V. «Auyl – el besigi»: rezultaty i plany [Jelektronдық resurs]. – URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/auyl-el-besigi-rezultaty-i-plany/> (data obrashhenija: 18.02.2020 g.).

7 Tirek auylдық eldi mekenderdi ajkyndau әdistemesi. – Қазақстан Республикасының Ұлттық жеконмика министрлиги 2016 zhyly 2 ақпандағы № 53 бұйрығы // Қазақстан Республикасының Әділет министрлиги. – tirkeu № 13375. – 3 наурыз 2016 zhyl. [Jelektronдық resurs]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013375> (data obrashhenija: 25.02.2020 g.).

**Д. ЖЕНСХАН,<sup>1\*</sup>**

к.э.н., ассоциированный профессор.

\*e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

**Ш.Е. АЛЬПЕЙСОВА,<sup>1</sup>**

к.э.н.

e-mail: [sholpan761@mail.ru](mailto:sholpan761@mail.ru)

<sup>1</sup>Казахский агротехнический университет  
им. С. Сейфуллина, Казахстан, г. Нур-Султан

## **ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЛОЖЕНИЯ СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ**

### **Аннотация**

В статье авторы определили группу проблем при ее реализации, отражая ряд программ, принятых в целях развития сельских населенных пунктов Казахстана, и предложили пути их эффективного решения. В числе главных проблем, отрицательно влияющих на развитие сельских населенных пунктов, были: неполное финансирование программ развития сельских территорий; дублирование структурной деятельности правительства структурой местных акиматов по сравнению с видами экономической деятельности; ветхость социальной и инженерной инфраструктуры в приоритетных селах республики; снижение качества образования по причине отсутствия конкуренции среди специалистов социальной сферы в СНП. В целях эффективного решения указанных проблем был сделан ряд предложений, в том числе показано, что необходимо поэтапное финансирование программ развития СНП и жесткий контроль за ее исполнением и основные причины. Для повышения оплаты труда специалистов в сфере сельского хозяйства была показана необходимость выработки прикладных решений, направленных на повышение результативности в сфере сельского хозяйства. Обоснована необходимость разработки компетентными органами масштабного плана развития, популяризации и внедрения возможностей частного предпринимательства и малого бизнеса в сельском хозяйстве. Показано, что затраты бюджета на развитие сельских населенных пунктов с малым или низким потенциалом в СНП неэффективны. При раскрытии темы использовались методы исследования, анализа, синтеза, динамического сравнения, систематизации, экономической экспертизы, обобщения научных данных.

Ключевые слова: сельский населенный пункт, инфраструктура, программа, ауыл – ел белгісі, сельские жители, молодежь, финансирование.

**D. ZHESNKHAN,<sup>1\*</sup>**

c.e.s. associate professor.

\*e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

**SH.E. ALPEISSOVA,<sup>1</sup>**

c.e.s.

e-mail: [sholpan761@mail.ru](mailto:sholpan761@mail.ru)

<sup>1</sup>Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University,  
Kazakhstan, Nur-Sultan

## **WAYS TO IMPROVE THE SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF RURAL SETTLEMENTS**

### **Abstract**

In the article, the authors identified a group of problems in its implementation, reflecting a number of programs adopted for the development of rural settlements in Kazakhstan, and suggested ways to effectively solve them. Among the main problems that negatively affect the development of rural settlements were: incomplete financing of rural development programs; duplication of the government's structural activities with the structure of local akimats in comparison with economic activities; dilapidated social and engineering infrastructure in priority villages of the Republic; decrease in the quality of education due to the lack of competition among social professionals in the SNP. In order to effectively address these problems, a number of proposals were made, including: it is shown that there is a need for phased funding of SNP development programs and strict control over its implementation, and the main reasons. To increase the remuneration of specialists in the field of agriculture, it was shown that it is necessary to develop applied solutions aimed at improving performance in the field of agriculture. The need for the competent authorities to develop a large-scale plan for the development, promotion and introduction of opportunities for private entrepreneurship and small business in agriculture was justified. It is shown that budget expenditures for the development of rural localities with small or low potential in the SNP are inefficient. The methods of research, analysis, synthesis, dynamic comparison, systematization, economic expertise, and generalization of scientific data were used in the disclosure of the topic.

Key words: rural locality, infrastructure, program, "Auy-el belgisi", rural residents, youth, financing.